

Түркістан облысы

Шардара ауданы адами әлеуетті дамыту бөліміне қарасты

Құрманғазы Сағырбайұлы атындағы жалпы орта мектеп

«Бекітемін»

Мектеп директоры:


Ж. Нұрымбет

Келісемін:

ДТДЖО:

-----М. Әділхан

Тақырыбы:



Дайындаған: Н. Нурпейсова

Сабақтың тақырыбы: Кітап – алтын қазынам

Сабақтың мақсаты:

а) Оқушылардың оқулықтан алған білімдерін байқау.

ә) Оқушылардың кітапқа деген сүйіспеншілігін арттыру, ақыл-ойын, тілін дамыту.

б) Кітапты сүйеге, гибрат сөздерден үлгі-өнеге алуға, кітапты құрметтеуге баулу.

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, көрнекілік, талдау-жинақтау, өзіндік жұмыс.

Сабақтың көрнекілігі: «Кітаптар көрмесі» нақыл сөздер, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, шарлар, гүлдер.

Сабақтың түрі: Сайыс сабақ

Сабақтың барысы:

Кітапханашы:

- * **Кіріспе:** Құрметті ұстаздар және оқушылар. Бүгінгі 4- сынып оқушылары арасында өткізгелі отырған «Кітап – алтын қазынам» атты ашық сабағына қош келдіңіздер! Халқымыз өнер мен білімді қадірлеген. Бүгінгі таңда барлық адамзат алдында тұрған басты мақсат білімді ұрпақ тәрбиелеу. Ал ұрпақ білімді қайдан алады? Әрине, кітаптан. Кітапхана-білімнің күн шуағы десек, «Ізденсем, білсем» деген балаға кітапхананың есігі әрқашан да ашық. Ата-бабамыз кітапты ерекше ақылшы, ұстаз санаған. «Кітап-білім бұлағы, Білім-өмір шырағы» деген қанатты сөз қалдырған. «Артық білім кітапта, ерінбей оқып көруге» деп Абай Құнанбайұлы айтпақшы адам баласы үшін кітап – тілсіз тәрбиеші. Кітап адам баласына бала кезінен бастап өмірінің соңына дейін сырлас дос бола алады. *Кітап адам өмірінде аса маңызды рөл атқарады. Ол елді, жерді сүйеге, таланты кішіпейіл болуға, мейірімділікке, төзімділікке баулиды. Кітап жаман әдеттерден аулақ болуға үндейді. Кітапты біздің қоғамымыздың әрбір адамы күнделікті тұрмысында пайдаланады. Одан ақыл - кеңес, тәлім - тәрбие, үлгі - өнеге алады. Кітап – біздің рухани жан азығымыз.*

«Кітап – ғалым, тілсіз мұғалім» деп тегін айтылмаған ғой. «Өнерлі болуға тәрбиелеп, талай ғажайып істердің құпиясын ашуға көмектесетін ақылдың кені кітапқа арналады. Кітап – ғылым, ол бүкіл адам баласына ортақ. Кітап – ғылым, білім жемісін халық арасына жаюшы, таратушы. Кітап – ақылдың кені.

Кітапта алма ағашы,

Жемісін біздер теретін.

Тәтті алмаға балашы

Кітабыңның әр бетін,-деп Музафар Әлімбаев атамыз жырлағандай әдеби кітаптар мен оқулықтар – сендерге білім көзі, рухани қазына. Дана халқымыз «Батыр бірді жығады, білім мыңды жығады» деп бекер айтпаса керек.

Сайыс 4 кезеңнен тұрады. Оқушылар 2 топқа бөлінеді.

I топ – Кітапсүйерлер

II топ – Кітапқұмарлар

Енді бүгінгі шарамыздың кезеңдерімен таныстырып өтейік.

1. «Кітап – рухани қазына» атты тақырыпта мәнерлеп өлең шумақтарын оқу
2. «Кітап – алтын қазына» атты сұрақ-жауап кезеңі.
- 3.«Білім кілтті кітапта» мақал-мәтелдердің жалғасын табу тапсырылады.
4. Көрініс « Ормандағы үйшік» 4 «а» сынып ертегіден көрініс

Прәндік үйшік 4 «б» сынып

Олай болса келесі «Кітап – рухани қазына» атты тақырыпта мәнерлеп өлең шумақтарын оқуға кезек берейік

- 1) 4 «а» сынып оқушысылары Өмірзақ Інжу М. Макатаев «Үш бақытым»
- 2) Аман Ердос «Кітап»
- 3) Садим Ұлбала «Кітап біздің досымыз»
- 4) Қайыр Аяжан Кел, балалар, оқылық!
- 5) Мұханмед Фариза

Кітаптар бейне жапырақ,
Жырлайтын сырын өмірдің.
Оқисың кейде жаттап
Көтерін күйін көңілдің.
Айдын - шалқар кейде бір,
Кітапты тұнған көл дерсің.
Ауадай қажет бейне бір
Татпасаң нәрін шөлдерсің.
4 «б» сынып оқушысылары:

1) Орынбасар Жарқынай

2) Асан Перизат+++

3) Полат Арайлым++++

4) Жұмахан Айда

5) Тугунбай Сарбина

6) Әбдіш Есенжан

7) Балтабай Мадияр

8) Қанагат

9) Әбдіш Айда +++++

Мен – білімнің түпсізі, аспанымын,
Мен – ғылымның тұңғық бастауымын,
Рухани нәр берер бұлақпын мен,
Меніменен байиды бар танымың.
Мен – рухани әлеммін, кітап атым,
Баға жетпес байлықпын, асыл затым,
Мені көктен түсірді жаратқаным
Шын қажеті болған соң адамзаттың.

Мен – кітапшын, білімнің бұлағымын,
Жауабымын сауал мен сұрағыңның,
Ақылшыңмын, ұстазбын, ғажайыпшын
Бағдаршаммын, адаспас шырағыңмын.

Бастайыншы сөзімді «бисмилла» деп,
Ассалаумағалейкум, жиылған лек!
Еліміз кітап күнін тойлар жатыр,
Ұрандап «Оқитын ел – озық ел!» деп.
Болғанда қыспағы мол заман – нарық,
Озық болу жарасар топты жарып.
Алып шығар нарықтан білім ғана,
Оқығанның қашанда алды жарық.
Сондықтан бүгінгі іс – келелі іс,
Ізгілікті іс қашанда берер ырыс.

Сайысымыздың атынан белгілі болып тұрғандай қай оқушы кітапханамен жақсы қарым-қатынас жасайды, кім көп кітап оқығаны, кітап оқу арқылы кімнің білімі мен білігі артық екені анықталмақ.

Ендеше, мен бір жұмбақ жасырайын:

Бір сандық бар өзгеше,
Қолыңа алып жүресің.
Ішін ашып ақтарсаң
Өмір сырын білесің. (кітап)

Кітапханашы:
Ал, келіндер, келіндер,
Дұрыс жауап беріндер.
Білімдеріңді көрсетіп
Алға оза беріндер!

I I кезең. «Білім көзі- кітапта» Бұл кезеңде қойылатын сұрақтарға жауап беру керек.

I сұрақ I ұпаймен бағаланады.

I топқа:

1. Кітап күні қашан атап өтіледі? 2-сәуір
2. Мамыр айында қандай мереке күндері бар?
3. Қазақ даласына алғаш мектеп ашқан кім? Ы.Алтынсарин
4. Абай Құнанбаевтың туғанына неше жыл? 177 жыл
2. **Кітап неден жасалады? Ағаштан**
5. Қазақтың үш биін ата?

II топқа:

1. Қазақтың аңызына айналған батыры кім? Б.Момышұлы
2. **Қазақстанның мемлекеттік рәміздерін ата.**

2. Қазақтың қандай ұлттық ойындарын білесіңдер?

Кітап қандай мағынаны білдіреді? Жазба

3. Жыл атауынан құр қалған қандай жануар? Түйе
4. Қазақтың алғаш әліппесін жазған кім? А.Байтұрсынов
5. Б.Алтынсариннің туғанына неше жыл? 170 жыл

Сауық кешке келейік,
Сөз маржанын терейік.
Кім көп білер екен деп
Мақал айтып көрейік.

III кезең. «Мақал-сөздің мәйегі» Бұл кезеңде гүлдердің артына жазылған мақалдардың жалғасын табу тапсырылады.

Жауап 5 ұпаймен бағаланады.

1. Оқусыз білім жоқ
Білімсіз..... (күнін жоқ)
2. Тіліңмен жүгірме,
Біліммен..... (жүгір)
3. Ғылым - теңіз,
Білім -..... (қайық)
4. Күш - білімде,
Білім - (кітапта)
5. Білекті бірді жығады,
Білімді (мыңды жығады)
6. Оқу-білім бұлағы
Білім (өмір шырағы)
7. Оқу - білім азығы,
Білім -..... (ырыс қазығы)
8. Кітап- ғылым,
Тілесіз..... (мұғалім)
9. Ақыл тозбайтын тон,
Білім..... (таусылмайтын кен)
10. Білім арзан,
Білу..... (қымбат)

Наданмен дос болғанша,

Кітаппен дос бол.

Кітап - көзі жұмыққа арзан,

Көзі ашыққа маржан.

Жақсы кітап - жан азығы.

Кітап – алтын қазына.

Кітап оқығандікі,
Білім тоқығандікі.

Жеті жұрттың тілін біл,
Жеті түрлі білім біл.

Ұстазыңды ұлы әкендей сыйла.

Білегіңе сенбе, біліміңе сен.

Білім арзан, білу қымбат.

Ақыл - тозбайтын топ,
Білім – таусылмайтын кен.

Өз білмегеніңді кісіден сұра,

Білегі күшті бірді жығады,
Білімі күшті мыңды жығады.

Қына тасқа бітеді,
Білім басқа бітеді.

Білетінің бір тоғыз,
Білмейтінің тоқсан тоғыз.

Күш - білімде, білім - кітапта.

Кітапханашы:

Білім сүйсең, кел күн сайын осында,

Кітап сенің айналады досыңа.

Талаптансаң үйренуге құмартып,

Келгін, жан дос, ізденейік қосыла.

III кезең. «Көңілді тапқырлар»

Кітап туралы ой-толғаныстар

Кітапсүйерлер

1-топ: Ұлбала Саф саф алтын тапқын келсе, кітапты көп оқы, ол мың кітаптың бірінде жатыр, іздене бер, кездессең!

1-топ: Инжу Әр кітап оқыған сайын, бұрын беймәлім дүниенің есігін ашып кіргендей өзінді сезінесің, кітаптың кереметтігі осында.

Кітап бір ұғымды әсерлеп көрсетудің әртүрлі жолын көрсетеді.

1- топ: Балнұр

Кітаптан әнуар нәрсе тапнадым, жылынасың я суынасың да, қуанасың да, мұнаясың да, сүйтіп өзінді әлемнің бір бөлшегіндей сезінесің.

Кітапты оқысаң, өзіңнің қай жерде адасып жүргенінді білесің.

1-топ: Аяжан

Сезімтал, сергек жасқа ұлы ұстаз — кітап.

Түсініксіз ұғымды, пікірді, сұрауды білу үшін талай кітаптың бетін ақтарасың, арқа етің арша, борбай етің борша етіп іздегенді табасың.

1-топ: Ердос

- Қай істе болмасың, басы мен соңы болады. Сол сияқты әр кітаптың басы мен соңы бар, оған ерекше мән бере оқу қажет.

Кітапқұмарлар

2- топ Қанағат

Кітап оқымай ми толмайды, көз көрмей, көңіл тыңбайды.

Кітап алып күш қана емес, күркіреп-күрсініп жатқан өмірдің өзі.

Кітапты көп оқыған кенже қалмайды

2- топ: Мадияр Кітапты қалам жазбайды, қаламды ұстаған жазады

2- топ: Есенжан

Жаксы кітап жолдағы бастау, әр адам керегінше сусандай алады.

Жүрегінді жылыту үшін кітапты көп оқы.

Керексіз кітап болмайды, керегін таба алмаған оқырман болады.

Кітапханашы:

Өмір мәні өнер менен білімде.

Айтайықшы кітабыңды жыр ете.

Әрі ақылшың, рухани қазынаң.

Құнды байлық баға жетпес бұл өте.

Даналардың білім туралы ойларынан аяқтау

1- топ

1. Білім мен даналық - адам көркі. (Ә. Науаи) 1) Инжу 1- топ. 9. —
2. Білім – дүниенің кілті. (Абай) 3) Ердог 1- топ —
3. Халық пен халықты, адам мен адамды теңестіретін нәрсе – білім. (М. Әуезов)

4) Фариза 1- топ —

4. Білім дегеніміз – күш, күш дегеніміз – білім. (Ф. Бәкон) 2) Ұлбала 1- топ —

2- топ

1. Білмеген масқара емес, білгісі келмеген ұяттырақ. (Сократ) 4 «Б» Қанағат 2- топ

2. Білім жолы – даналық жол. (А. Байтұрсынов) Есенжан 2- топ

3. Білімді болу деген сөз – белгісіз нәрсені ашу қабілетіне ие болу деген. (Әл - Фараби) 1 Сирбита

Қорытынды:

Кітапхана - білімпаздар мекені. Оқушылар кітапханаға келіп, кітап алып оқып, керекті тапсырмаларына дайындалады. Біздің кітапхана кішкене болғанымен атқаратын қызметі өте жоғары. Кітапханаға жиі келіңіздер, бірге ізденіп, бірге еңбек етейік. Кітапты қадірлейік, сақтайық, жан серігімізге айналдырайық

Иә, кітап – қоғамның рухани күштерін дамытудың қуатты құралы, мәдениеттің қайнар бұлағы, оның өзекті саласының бірі. Рухани мөлдірліктің, биік парасаттың, асқақ адамгершіліктің, арқалы ойдың қоймасы. Кітап арқылы біз өткенге көз жібереміз, одан қымбат мұра жинаймыз, тәжірибеге кенелеміз.

Балалар, бүгін сендер «Кітап – алтын қазына» атты тәрбие сағатымызда кітап жайлы көп естіп білдіңдер. Енді соңында Өтебай Тұрманжанов ағаларыңның кеңесімен аяқтағым келіп тұр. Кітапты шала – шарпы оқу зиян. Шала оқысаң, оқуың бойыңа жұқпайды. Ылғи шала – пұла, тез оқуға әдеттеніп алсаң, кітап оқуға кеткен еңбегің еш болады. Сондықтан сендерге айтарым: кітапты шала оқымаңдар. Бастаған кітабыңды аяғына дейін оқитын бол. Сонда кітапқа деген қызығушылығың арта түседі. Ылғи бір мезгілде оқып үйрен. Сондықтан кітапты шала оқыма, тиынақты оқитын бол.